

**«"ЖАҢАРУ" Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс»
Республикалық қоғамдық бірлестігі**

**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ
МҮДДЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ
ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

Әдістемелік құрал

Астана қаласы 2022 ж.

МАЗМҰНЫ

	БЕТІ
1. Кіріспе	3-4
2. ҚР Қылмыстық Кодекс баптары	5-21
3. Әдебиет	22

КІРІСПЕ

«ЖАҢАРУ» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» Республикалық қоғамдық бірлестігі назарларыңызға Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру туралы кітапшаны (әдістемелік нұсқаулар) ұсынады. Сондай-ақ, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға тікелей қатысы бар нақты баптары көрсетілген.

Кітапша мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, сондай-ақ жастар ұйымдарының жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру бойынша мақсатты жұмыстарды жүргізудегі практикалық жұмысына көмектеседі деген сенімдеміз.

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

(«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан)

Сыбайлас жемқорлық барлық қоғамдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуға, демократиялық институттар мен құндылықтарға, этикалық құндылықтар мен әділеттілікке, тұрақты даму мен заң үстемдігіне нұқсан келтіреді, қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне елеулі проблемалар мен қатерлер тудырады.

Сыбайлас жемқорлық барлық елдердің қоғамы мен экономикасына әсер ететін трансұлттық құбылысқа айналды, бұл сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастықты аса маңызды етеді. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен тиімді күресу үшін кешенді және көпсалалы тәсіл қажет.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жою – барлық мемлекеттердің міндеті. Бірақ өз күш-жігерінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін мемлекет азаматтық қоғам құрылымдары мен үкіметтік емес ұйымдарға сүйеніп, өзара әрекеттесу керек.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Заңнамалық база жетілдіріліп жатыр. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жауапкершілік күшейтілуде. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші жойылды. Құқық қорғау органдары қызметкерлері мен судьяларға сыбайлас жемқорлық үшін қатаң жаза қарастырылған. 2020 жылы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу Кодекстеріне қылмыстық сот ісін жүргізуде азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа Заң қабылданды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің маңызды нысаны профилактикалық іс-шаралар, алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту болып табылады.

Қазақстан 2008 жылы ратификациялаған (Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы № 31-5 Заңы) және өз заңнамасының бөлігі ретінде танылған БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының 13-бабына сәйкес мемлекет «... азаматтық қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың сыбайлас жемқорлықтың қауіпті сипаты фактісін, сондай-ақ одан туындайтын қауіп-қатерлерді түсінуін тереңдету мақсатында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және онымен күресуге белсенді қатысуы керек».

Сыбайлас жемқорлықтың іргелі себептерін жою және қоғамға адал қызмет етуге дайын адамдарды ынталандыру үшін жағдай жасау мемлекетке септігін тигізетініне сенімді **«ЖАҢАРУ» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» республикалық тәуелсіз қоғамдық ұйымы 2013 жылдан бері жұмыс істейді.**

«ЖАҢАРУ» РҚБ өз қызметінің мақсатын, ең алдымен, өскелең ұрпақтың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саналы мәдениетті қалыптастырудан көреді. Тәжірибелік қызметте «ЖАҢАРУ» ҰЕҰ өңірлердегі түрлі қоғамдық ұйымдармен және орталық және жергілікті билік органдарының өкілдерімен өзара іс-қимыл жасайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан жаңа нақты ахуалда: әрекет уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «...біз азаматтарымыздың лайықты өмір сүруін қамтамасыз етуге, құқықтарын қорғауға, заңдылықты нығайтуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге міндеттіміз» деп атап айтқан.

ҚР Қылмыстық Кодексінің 10-бабы.

Қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдары

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді, және тек әрекет түрінде, яғни белсенді әрекет (әрекеттер) немесе пассивті әрекетсіздік арқылы жасалуы мүмкін.

2. Осы Кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамдық қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

3. Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады.

Қоғамдық қауіп Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру немесе келтіру қаупін туғызу арқылы көрінеді. Қоғамдық қауіптілік дәрежесі қылмыстарды қарапайым, білікті және ерекше дәрежелі және жеңілдететін мән-жайлары бар құрамдарға бөлу негізінде жатыр. Қоғамдық қауіпті заң шығарушы әрекетті қылмыс деп санау немесе қылмыстан айыру туралы шешім қабылдағанда ескереді.

15 бап. Қылмыстық жауаптылыққа жататын адамдар

1. Қылмыстық құқық бұзушылық жасалған уақытта он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жатады.

4. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдар тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, наным-сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге мүшелігіне, тұрғылықты жеріне немесе кез келген басқа жағдаяттарға қарамастан заң алдында тең.

Әр түрлі зерттеулердің мәліметтеріне сүйене отырып, заңгерлер мен психологтар 14 жастан 16 жасқа дейінгі кезең кез-келген адамның жетілуінің белгілі бір физиологиялық кезеңі деп санайды және 14 жасында ол қорытынды жасай алады және оның мінез-құлқын басқара алады.

Қылмыстық жауаптылықтың жалпы жасын 16 жастан бастап белгілеу кез-келген қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық нақ осы жастан басталатынын білдірмейді.

Жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтардың (әскери, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы **қылмыстық құқық бұзушылықтар және т.б.**) субъектілері 18 жасқа толған адамдар ғана бола алады.

39-бап. Жаза ұғымы мен оның мақсаттары

1. **Жаза дегеніміз** – сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол осы адамды құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодексте көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады.

2. Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

«Жаза» ұғымы қылмыстық заңды бұзған адам үшін орын алатын жағымсыз салдарлармен байланысты. Жаза тек сот үкімімен тағайындалады.

Заңды күшіне енген сот үкімі жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындалуға жатады. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады. Ол құқықтар мен бостандықтардан айырудың немесе шектеудің өскен мөлшерімен заңды жауапкершіліктің басқа түрлерінен (әкімшілік, азаматтық, тәртіптік және т.б.) ерекшеленеді.

Кінәлі адамға жаза тағайындау кезінде сот мемлекет атынан әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру шараларын қолданады.

40-бап. Жаза түрлері

1. Қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға мынадай негізгі жазалар қолданылуы мүмкін:

- 1) айыппұл;
- 2) түзеу жұмыстары;
- 3) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 4) қамаққа алу;
- 5) шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу.

2. Қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға мынадай негізгі жазалар қолданылуы мүмкін:

- 1) айыппұл;
- 2) түзеу жұмыстары;
- 2-1) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 3) бас бостандығын шектеу;
- 4) бас бостандығынан айыру.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға негізгі жазамен қатар мынадай қосымша жазалар қолданылуы мүмкін:

- 1) мүлкін тәркілеу;
- 2) арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру;
- 3) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 3-1) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру;
- 4) шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу.

Ұсынылған тізбе толық болып табылады және кеңейтіп түсіндіруге жатпайды. Сот сотталған тұлғаға тиісті тізбеде көрсетілмеген жазаны тағайындай алмайды.

Бас бостандығынан айыру сияқты жазаның жалғыз түрі қылмыстық топтар құрамында жасалатын; адамның өліміне әкеп соғумен байланысты; аса ауыр қылмыстар, оның ішінде террористік, сыбайлас жемқорлық, сондай-ақ соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған әскери қылмыстар және ауыр қылмыстар үшін ғана сақталады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ МҮДДЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

361-бап. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану

1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өздерінің қызметтік өкілеттіктерін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне қайшы пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса, – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2-1. Құқық қорғау органының қызметкері жасаған дәл сол іс-әрекет – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, төрт

мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған іс-әрекет – **мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға** не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, 2-1 немесе үшінші бөліктерінде көзделген:

1) қылмыстық топтың мүддесінде жасалған;

2) мүлікті жария етуді жүргізу процесінде алынған ақпаратты пайдалана отырып, "Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген қызметтік міндеттерді орындау кезінде жасалған;

3) ауыр салдарға алып келген;

4) құқық қорғау органында жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам немесе судья жасаған іс-әрекеттер – **мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге** не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы қылмыстың **қоғамдық қауіптілігі** мемлекеттік басқару, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жүйесінің заңмен регламенттелген қалыпты қызметіне қол сұғудан тұрады, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылады, қоғамда биліктің беделі түсіп, азаматтардың заңмен және мемлекеттің қорғалуына деген сенімі жоғалады.

Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану объектісі заңға сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметі болып табылады. Қосымша объект адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, азаматтардың, ұйымдар мен мемлекеттің заңмен қорғалатын экономикалық және өзге де мүдделері болып табылады.

Қылмыстың субъектісі тек мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам, не құқық қорғау органының қызметкері ғана бола алады.

Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану құрамы сыбайлас жемқорлық қылмыс болып табылады.

Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану белсенді мінез-құлық арқылы да, әрекетсіздік арқылы да жасалуы мүмкін.

362-бап. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану

1. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өзінің құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық шығатын және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан әрекеттер жасауы – **үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға** не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған іс-әрекет – **белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра** отырып немесе онсыз, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, ауыр зардаптарға әкеп соққан не:

1) күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп;
2) қаруды немесе арнайы құралдарды қолданып;
3) өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында;

4) Қазақстан Республикасының мүлікті жария етумен байланысты рақымшылық жасау туралы заңнамалық актісінде белгіленген қызметтік міндеттерді орындау кезінде жасалған іс-әрекеттер – **белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, ал 3) тармақта көзделген жағдайларда мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.**

Бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігі мемлекеттік басқару, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жүйесінің заңмен регламенттелген қалыпты қызметіне қол сұғудан тұрады, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылады, қоғамда биліктің беделі түсіп, азаматтардың заңмен және мемлекеттің қорғалуына деген сенімі жоғалады.

Қылмыстың объектісі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында және заңға тәуелді актілерде белгіленген мемлекеттік билік пен басқару аппаратының қалыпты қызметі болып табылады. Өзінің құрылысы бойынша қылмыс құрамы материалдық болып табылады.

Субъективтік жағынан қылмыс қасақана жасалады. Кінәлі адам өзіне берілген билік немесе лауазымдық өкілеттіктердің шегінен анық шығатынын түсінеді және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруді қалайды немесе оған саналы түрде жол береді.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам **қылмыстың субъектісі** болып табылады.

363-бап. Лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алу

Лауазымды адам болып табылмайтын мемлекеттік қызметшінің лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алуы және оның соған байланысты азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан әрекеттер жасауы – **бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға** не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

Лауазымды тұлғаның өкілеттіктерін беру өзін лауазымды адам деп жариялаудан, осыған байланысты жалған құжаттарды (қызметтік куәліктер, тексеру нұсқаулығы және т.б.) пайдаланудан көрінуі мүмкін.

Осы қылмыстық теріс қылықтың **қоғамдық қауіптілігі** мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамамен регламенттелген мемлекеттік қызмет мүдделеріне қол сұғудан тұрады.

Қылмыстық теріс қылықтың **объектісі** мемлекеттік қызметтің мүдделері болып танылады, қылмыстың субъектісі лауазымды адамдар болып табылмайтын мемлекеттік қызметшілер ғана болып табылады.

364-бап. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу

1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ұйым құруы не мұндай ұйымды басқаруға заңда белгіленген тыйым салуға қарамастан, жеке өзі немесе сенім білдірген адам арқылы қатысуы, егер бұл іс-әрекеттер мұндай ұйымға жеңілдіктер мен артықшылықтар беруге немесе өзге де нысандағы жақтаушылыққа байланысты болса, – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, **бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға** не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2-1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық қорғау органының қызметкері жасаған іс-әрекет – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, **екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға** не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған іс-әрекет – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, **төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға** не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық қорғау органында жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам немесе судья жасаған іс-әрекет – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, **бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға** не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Бұл қылмыстың **қоғамдық қауіптілігі** заңда белгіленген тыйымды тікелей елемеу арқылы мемлекеттік қызмет мүдделеріне қол сұғудан тұрады.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заң мемлекеттік қызметшілерге кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салады, оның ішінде меншік нысанына қарамастан коммерциялық ұйымды басқаруға, егер бұл осы

мемлекеттік қызметшінің тікелей лауазымдық өкілеттіктеріне кірмейтін болса.

Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу құрамы **сыбайлас жемқорлық қылмыстарына жатады.**

Бұл қылмыстың объектісі мемлекеттік қызметтің жұмыс істеу тәртібі мен принциптері, заңда белгіленген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру тәртібі және лауазымды адамдардың мұндай қызметке қатысуына тыйым салу болып табылады.

Субъективтік жағынан қылмыс құрамы кінәнің қасақана нысанының болуын болжайды: кінәлінің заңнамалық тыйымға қайшы, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын ұйымды құруға немесе оны басқаруға қатысатынын, және соған қарамастан, оған жеңілдіктер мен артықшылықтар беруге байланысты әрекеттерді жасағысы келеді, яғни тікелей ниетпен әрекет етеді.

365-бап. Заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергі жасау

1. Дара кәсіпкердің немесе ұйымдық-құқықтық нысанына немесе меншік нысанына қарамастан коммерциялық ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін шектеу, сол сияқты дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның дербестігін шектеу не қызметіне өзгедей түрде заңсыз араласу, оның ішінде тексерулер жүргізу тәртібін бұзу, оларға белгілі бір қызметті жүзеге асыруға арнаулы рұқсат (лицензия) беруден құқыққа сыйымсыз бас тарту немесе оны беруден жалтару, кәсіпкерлік субъектінің қызметін және (немесе) оның банктік шоты бойынша операцияларды заңсыз тоқтата тұру, жеке кәсіпкерлік субъектісін қайырымдылыққа және өзге де іс-шараларға мәжбүрлеп құқыққа қарсы тарту, жеңілдіктер мен преференцияларды қолданудан құқыққа сыйымсыз бас тарту, оларды қолдануға кедергі келтіру немесе құқыққа сыйымсыз қолданбау жолымен заңсыз араласу, егер бұл іс-әрекеттерді мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам өздерінің қызметтік өкілеттіктерін басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру не өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу мақсатында қызмет мүдделеріне қайшы пайдаланып жасаса, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса, – **мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға** не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

- 2) алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;
- 3) ірі мөлшерде жасалған;
- 4) құқық қорғау органының қызметкері жасаған дәл сол іс-әрекеттер - **мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.**

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

- 1) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған;
- 2) аса ірі мөлшерде жасалған;
- 3) қылмыстық топ жасаған не қылмыстық топтың мүддесіне орай;
- 4) мүлікті жария етуді жүргізу процесінде алынған ақпаратты пайдалана отырып, "Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген қызметтік міндеттерді орындау кезінде жасалған іс-әрекеттер – **мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.**

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, құқық қорғау органында жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам немесе судья жасаған іс-әрекеттер – **мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, алты жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.**

Бұл сыбайлас жемқорлық қылмыстың **қоғамдық қауіптілігі** оны жасау нәтижесінде әрбір адамның заңды кәсіпкерлік қызмет бостандығына конституциялық құқығы шектеліп, сол арқылы мемлекеттің беделіне нұқсан келтіруінен көрінеді.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген қалыпты экономикалық қызмет, оның еркіндігі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет мүдделері осы **қылмыстың объектісі** болып табылады.

Қылмыстың арнайы **субъектісі** – тек мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау үшін қызметтік жағдайын пайдаланатын лауазымды адам.

Кәсіпкерлік субъектісінің заңды кәсіпкерлік қызметіне кедергі жасауы салдарынан келтірілген барлық залалдар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтелуге жатады.

366 - бап. Пара алу

1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы – **мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.**

1-1. Құқық қорғау органының қызметкері немесе құқық қорғау органында жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам немесе судья жасаған дәл сол іс-әрекет – **мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның отыз еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.**

2. Осы баптың бірінші және 1-1-бөліктерінде көзделген, айтарлықтай мөлшерде жасалған іс-әрекеттер, сол сияқты заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін пара алу – **мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның елу еселенгеннен алпыс еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.**

3. Осы баптың бірінші, 1-1 немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар:

- 1) қорқытып алу жолымен;
- 2) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 3) ірі мөлшерде;

4) бірнеше рет жасалса, – **мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның алпыс еселенгеннен жетпіс еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не жеті**

жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, 1-1, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды қылмыстық топ жасаса, сол сияқты аса ірі мөлшерде жасалса, – **мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жетпіс еселенгеннен сексен еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.**

Ескерту. Егер сыйлықтың құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспаса, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамның бірінші рет сыйлық түрінде мүлікті, мүлікке құқықты немесе өзге де мүліктік пайданы алуы бұрын жасалған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде маңызы аз болуына байланысты қылмыс болып табылмайды және тәртіптік немесе әкімшілік тәртіппен қудаланады.

Пара алу сыбайлас жемқорлық көріністерінің ең қауіпті түрі болып табылады, өйткені ол мемлекеттік басқарудың принциптері мен негіздерін бұзуға ықпал етеді.

Бұл қылмыстың **қоғамдық қауіптілігі** пара алу нәтижесінде заң деңгейінде бекітілген мемлекеттік басқару жүйесінің тәртібінің, принциптерінің, ұйымдастырылуы мен реттелуінің бұзылуынан, мемлекеттік биліктің беделіне нұқсан келтіруінен көрінеді. Пара алу құрамы сыбайлас жемқорлық қылмыстар тізіміне енгізілген.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар – сыбайлас жемқорлық белгілері бар, заңмен әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген құқыққа қарсы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

Пара нысанасы: ақша, бағалы қағаздар, материалдық құндылықтар және т.б.

Объективтік жағынан бұл қылмыс жеке өзі немесе делдал арқылы пара алумен көрінеді. Делдалдың пара алу немесе беру кезіндегі әрекеттері медиация ретінде сараланады.

Парақорлықтың екі түрін бөліп көрсету керек: параға сатып алу және пара-алғыс. Параны қабылдау деп оның иелігінде жеке заттай алу, сондай-ақ келісілген шарттар бойынша басқа жолмен (шотқа аудару, туысқанына беру, белгілі бір жерге салу және т.б.) беру түсініледі.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен жасалады.

367-бап. Пара беру

1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен отыз еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Айтарлықтай мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекет – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның отыз еселенгеннен қырық еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар:

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) ірі мөлшерде;

3) бірнеше рет жасалса, – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның қырық еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар аса ірі мөлшерде жасалса немесе оларды қылмыстық топ жасаса, – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның елу еселенгеннен алпыс еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескертулер.

1. Осы Кодекстің 366-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамға бұрын жасаған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін сомасы немесе құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сыйлықты бірінші рет беру, егер осы адам жасаған әрекеттер (әрекетсіздік) алдын ала уағдаластықпен байланысты болмаса, қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды.

2. Пара берген адам, егер оған қатысты осы Кодекстің 366-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адам тарапынан параны қорқытып алу орын алған болса немесе егер осы адам пара бергені туралы құқық қорғау органына немесе арнаулы мемлекеттік органға өз еркімен хабарласа, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Пара берудің қоғамдық қауіптілігі бұл әрекеттің сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтындығында, мемлекеттік басқару жүйесінің қалыпты қызметін бұзатындығында және мемлекеттің беделіне нұқсан келтіретіндігінде.

Объективті жағынан іс-әрекет адамның жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру болып табылады.

Пара беруді ұйымдастырған адам пара беруге қатысқаны үшін жауапты болады.

Пара беру субъектісі – 16 жасқа толған, ақыл- есі дұрыс адам.

Егер адам пара бергенге дейін параны қорқытып алу немесе пара беруге итермелеу фактісі туралы өз еркімен мәлімдеген жағдайда, онда параны құқық қорғау органының бақылауымен берген мұндай адамға қатысты қылмыстық қудалау оның әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылады. Қылмыстық процесте бұл адам жәбірленуші ретінде әрекет етеді.

Пара беруге байланысты барлық әрекеттер **орташа ауырлықтағы қылмыстар, ауыр және аса ауыр қылмыстар санатына** жатқызылады.

368-бап. Парақорлыққа делдал болу

1. Парақорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге немесе оны іске асыруға ықпал ету – **мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.**

2. Бірнеше рет жасалған не қылмыстық топ немесе адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған дәл сол іс-әрекет – **мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен отыз еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.**

Бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігі - оның сыбайлас жемқорлықтың ең қауіпті түрі ретінде пара алуға және беруге жағдай жасайтындығынан байқалады.

Қылмыстың объектісі мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқарудың мүдделері болып табылады.

16 жасқа келген кез келген адам парақорлықтағы делдалдықтың субъектісі бола алады.

369-бап. Қызметтік жалғандық жасау

1. Қызметтік жалғандық жасау, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның ресми құжаттарға көрінеу жалған мәліметтерді енгізуі не аталған құжаттарға олардың шынайы мазмұнын бұрмалайтын түзетулер енгізуі не көрінеу жалған немесе қолдан жасалған құжаттар беруі, егер бұл іс-әрекеттер өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында жасалған болса, – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2-1. Құқық қорғау органының қызметкері жасаған дәл сол іс-әрекет – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекет, егер оны жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаса, – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекет, егер оны құқық қорғау органында жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам немесе судья жасаса, – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қызметтік жалғандықтың қоғамдық қауіптілігі, оны жасау нәтижесінде қызметтік іс жүргізудің белгіленген тәртібі бұзылып, соның нәтижесінде бюджет қаражатын ұрлау және басқа да сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін жағдайлар жасалады.

Құқық беру немесе одан айыру, міндеттер жүктеу немесе одан босату, құқықтар мен міндеттер көлемін өзгерту түріндегі заңды салдарға әкеп соқтыратын **фактілерді күәландыратын ресми құжат қылмыс заты болып табылады.** Мұндай құжаттарға, атап айтқанда, уақытша еңбекке жарамсыздық парақтары, медициналық кітаптар, емтихан парақтары, сынақ кітапшалары, жалақы туралы анықтамалар, сатып алу комиссиясының хаттамалары, автомобильді тіркеу туралы күәліктер кіруі керек.

Қызметтік жалғандықтың объективті жағы:

1)Ресми құжаттарға көрінеу жалған мәліметтер еңгізу;

2)Ресми құжаттарға олардың нақты мазмұнын бұрмалайтын түзетулер еңгізу:

3)Көрінеу жалған немесе қолдан жасалған құжаттар беру әрекеттерін белсенді жүзеге асырудан көрінеді.

Қызметтік жалғандық құжатқа көрінеу жалған мәліметтер мен түзетулер еңгізу кінәлі адамның қызметтік функцияларымен байланысты болған жағдайда ғана орын алады, яғни ол өзінің қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жүзеге асырылады.

370-бап.Қызметтегі әрекетсіздік

Қызметтегі әрекетсіздік, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу мақсатында өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы - немесе басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін немесе қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса, - 2000 АЕК (6 360 000 теңге – 2022 жылға) дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. , мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айырумен жазаланады.

2-1. Құқық қорғау органының қызметкері жасаған дәл сол іс-әрекет 3000 АЕК (9540000 теңге – 2022 жылға) дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 800 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бас бостандығын шектеуге жазаланады. мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, үш жылға дейінгі мерзімге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған дәл сол іс-әрекет - 5 000 АЕК (15 900 000 теңге - 2022 жылға) дейінгі мөлшерде

айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 1200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады. , немесе белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, мүлкі тәркіленіп, 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, 2-1 немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер:

1) ауыр зардаптарға әкеп соқса;

2) құқық қорғау органында жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам немесе судья жасаса,-

мүлкі тәркіленіп, өмір бойына белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, **жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге** не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Бұл қылмыстың **қоғамдық қауіптілігі** мемлекеттік билік органдары, мемлекеттік қызметшілер мен лауазымды адамдар қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібін, олардың құқықтары мен міндеттерін іске асырудың регламенттелген тәртібін бұзу болып табылады.

Қылмыс субъектісі тек мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам немесе оған теңестірілген адам болуы мүмкін.

371- бап. Салғырттық

1. Салғырттық, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның өз міндеттерін қызметіне адал қарамауы немесе ұқыпсыз қарауы салдарынан орындамауы немесе тиісінше орындамауы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса, – **бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға** не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол іс-әрекет – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, **төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға** не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Салғырттықтың қоғамдық қауіптілігі осы құқық бұзушылықты жасау нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік органдар мен ұйымдар, жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің тәртібі, оларда қызмет өткеру тәртібі, сондай-ақ тиісті қызметшілердің құқықтарын іске асыру және міндеттерін жүзеге асыру тәртібі бұзылатындығында болып табылады.

Қылмыстың объектісі – мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқарудың мүдделері. Қосымша объектілерге адам мен азаматтың конституциялық құқықтары, оның өмірі мен денсаулығы, азаматтардың, ұйымдар мен мемлекеттің заңмен қорғалатын экономикалық мүдделері, мүліктік қатынастар жатады.

Субъективті жағынан салғырттық тек менмендік немесе ұқыпсыздық түрінде абайсызда жасалуы мүмкін.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттілік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам ғана қылмыстың субъектісі бола алады.

ӘДЕБИЕТ

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы
Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы N 31-IV Заңы
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі 226-V ЗРК Кодексі.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы
Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы No 410-V ҚРЗ Заңы.
4. Борчашвили И.Ш. ҚР Қылмыстық Кодексіне түсіндірме, Алматы: Жеті Жарғы, 2021ж. ISBN 978-601-288-156-1 Т.1.-836 б., Т.3.-952 б.

Сыбайлас жемқорлық фактілері белгілі болған жағдайда

1424 *байланыс орталығына хабарлаңыз*